

Т.Е. Қыдыр¹, **Ә.О. Ыбырайым²**, **Х.Х. Таджиев^{1*}**

¹М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, Алматы қ., Қазақстан

²М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан

*e-mail: xamidulla_86@mail.ru

МУҒИН ӘЛ-МУРИД ЖӘНЕ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ: РУХАНИ ҮНДЕСТІК – ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Қазақ елінің қалыптасуы мен дамуындағы маңызды тарихи кезеңдердің бірі – Алтын Орда кезеңі. Бүгінгі таңда Алтын Орданың әлемдік өркениет тарихында алатын орнын зерделеу, жазып қалдырылған әдеби жәдігерлердің кейінгі дәуірлердегі қазақтың ұлттық дүниетанымына тигізген ықпалын зерттеп, ғылыми айналымға салу жұмыстары жанданып келеді. Діни дидактикалық стильде жазылған «Муғин әл-мурид» шығармасы бұл тұста жазылған құнды еңбектердің бірі деуге болады. Мақала аталған жазба жәдігердің жазу тарихы мен көркемдік-идеялық ерекшеліктерін ашуды, сонымен қатар ХХ ғасыр басындағы қазақ жазба әдебиеті арқылы жалғасқан дәстүрдің жалғасын зерттеуді мақсат етеді.

Негізгі бағыттары мен идеялары: мақала жалпы қазақ әдебиеті тарихындағы екі маңызды кезең: Алтын Орда және ХХ ғасыр басындағы діни-ағартушылық бағыттағы әдеби мұраларды салыстыра зерттейді. Негізгі идеясы – ғасырлар бойы қазақтың рухани құндылықтарына айналған иман шарттары мен шариғи заңдылықтарды қазақ арасында поэзия арқылы насихаттаған ақындар шығармаларын талдау.

Нәтиже мен талдаулар: Алтын Орда кезеңінде дін-ағартушылық идеяны насихаттауды мақсат еткен Муғин әл-мурид шығармасы кейінгі ғасырларда көптеген шығармалардың жазылуына себеп болды. Солардың бірі ХХ ғасыр басында өмір сүрген қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуына себеп болған ақындар шығармашылығы. Талдаулар барысында шығармалар арасындағы рухани үндестік пен дәстүр жалғастығына басты назар аударылды. Мысалы, Шортанбай Қанайұлы, Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы, Шаһкәрім Құдайбердіұлы, Міржақып Дулат сынды ақындар шығармалары арасындағы дәстүр жалғастығы салыстырмалы талданды.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы: зерттеу жұмысында ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы саяси жағдай негізге алына отырып, отаршылдық кезеңде қазақ халқының мәдени-әдеби өміріне өзгеріс алып келген ақындар шығармашылығының бүгінге дейін ғылыми көпшілікке жарияланбаған тұстары айқындалды.

Түйін сөздер: Алтын Орда, Муғин әл-мурид, қазақ әдебиеті, рухани үндестік, дәстүр жалғастығы.

T.E. Qydyr¹, A.O. Ybrayim², Kh.Kh. Tadzhiyev^{1*}

¹Institute of Literature and Art. M. Auezov, Almaty, Kazakhstan

²M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

*e-mail: xamidulla_86@mail.ru

Mu'in ul-murid and kazakh literature of the early XX century: spiritual harmony – continuity of traditions

One of the most important historical periods in the formation and development of the Kazakh country is the period of the Golden Horde. Today, the study of the contribution of the Golden Horde to the history of civilization and political-social, historical-cultural, spiritual and literary heritage is one of the most important issues. One of these literary relics is the work "Mu'in ul-murid", written in a religious didactic style. The authors of the article set themselves the goal of revealing the history of writing and the artistic and ideological features of the mentioned written relic, as well as studying the continuity of the tradition continued through the Kazakh written literature of the early 20 th century.

Main directions and ideas: In the 20th century, Kazakh readers, poets and singers well understood the need to promote the conditions of faith and the rules of Sharia for the spiritual enlightenment of the country. Some poets expressed the conditions of faith in poetry, others propagated the rules of Sharia in the form of poems and stories.

Main results and analysis of the article: The article takes into account the influence of the work of Mu'in ul-Murid on the work of poets who lived at the beginning of the 20th century. In particular, the

spiritual harmony of the works of such poets as Abai Kunanbayuly, Shakarim Kudaiberdiuly, Shortanbai Kanaiuly, Myrzhakyp Dulatuly was comparatively analyzed.

Practical significance of the work results: The research work identified aspects of the poets' creativity that have not yet been published by the scientific community, and comparatively studied their manifestations in literary works.

Key words: Golden Horde, Mu'in ul-murid, kazakh literature, spiritual harmony, continuity of traditions.

Т.Е. Қыдыр¹, А.О. Ыбырайым², Х.Х. Таджиев^{1*}

¹Институт литературы и искусства им. М. Ауэзова, г. Алматы, Казахстан

²Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан

*e-mail: xamidulla_86@mail.ru

«Муьин уль-мюрид» и казахская литература начала XX века: духовная гармония – преемственность традиций

Одним из важнейших исторических периодов становления и развития Казахской страны является период Золотой Орды. Сегодня изучение вклада Золотой Орды в историю цивилизации и политико-социального, историко-культурного, духовно-литературного наследия является одним из важнейших вопросов. В частности, можно сказать, что основной задачей ученых-литературоведов является изучение влияния этого литературного наследия на мировоззрение казахов и введение его в научный оборот. Одним из таких литературных реликтов является произведение «Муьин уль-мюрид», написанное в религиозно-дидактическом стиле. Авторы статьи ставят перед собой цель раскрыть историю письменности и художественно-идеологические особенности упомянутой письменной реликвии, а также изучить преемственность традиции, продолженной через казахскую письменную литературу начала XX века.

Основные направления и идеи: В XX веке казахские читатели, поэты и певцы хорошо понимали необходимость пропаганды условий веры и правил шариата для духовного просвещения страны. Некоторые поэты выражали условия веры в стихах, другие пропагандировали правила шариата в форме стихов и рассказов.

Основные результаты и анализ статьи: В статье учтено влияние творчества Муьин уль-мюрида на творчество поэтов, живших в начале XX века. В частности, сравнительно проанализирована духовная гармония произведений таких поэтов, как Абай Кунанбайулы, Шакарим Кудайбердиулы, Шортанбай Канайулы, Мыржакып Дулатулы.

Практическая значимость результатов работы: В исследовательской работе были определены аспекты творчества поэтов, до сих пор не опубликованные научной общественности, и сравнительно изучены их проявления в литературных произведениях.

Ключевые слова: Золотая Орда, казахская литература, Муьин аль-мюрид, духовная гармония, преемственность традиций.

Кіріспе

Жошы ұлысының тарихи қалыптасуында (XIII ғасыр екінші жартысы) Алтын Орданың құрылуы Орта Азиядағы түркі тілдес тайпалар мәдениеті мен әдебиетінің қайта өркендеуіне себеп болды. Әсіресе, Ислам дінінің мемлекеттік деңгейге көтерілуі халық арасында ислами шығармалардың дамуына жол салды. «Қиссас әл-әнбия», «Жұм-жұма», «Нәһж әл-фәрадис» («Жұмақтардың ашық жолы»), «Кесікбаш кітабы», «Гүлистан бит-түрки» сынды әдеби шығармалар осы тұста жазылғанын ескерсек, бұл кезеңде түркі халықтарының мұсылмандық әдебиетінің жедел өскені байқалады.

Бұл туралы кезінде түркітанушы ғалым В.В.Радловтың өзі жазып қалдырған болатын:

«Үлкен жиындарда айтылған осы жырды маған бірнеше рет тыңдауға тура келді. Жыршы сөзін бар ынтасымен тыңдаған жұртшылық тірі күнінде дін шарттарын орындамаған мұсылманның өлгеннен кейінгі азабын сипаттаған кезде қорқынышты үрей пайда болады. Тыңдаушылардың үнсіз тыныштығын тек қана «О күдіретті Тәңірім», «Қайырымы көп Құдайым» деген тәрізді лебіздер ғана бұзып отырды. Маған қазақтар арасында исламды орнықтыруға бір «Жұм-жұманың» әсері даланы кезіп жүрген жүздеген молдадан артық тәрізді» (Радлов, 1993: 19) дейді ғалым.

Ғалым мұнда өзі қатысып, бірнеше рет тыңдаған бір ғана Жұмжұма шығармасының әсері туралы айтқан. Бүгін әдебиет тарихында жаңадан анықталып, зерттеле бастаған қаншама Ал-

тын Орда тұсында жазылған шығармалар бар екенін ескерсек мақала тақырыбының өзектілігі айқындала түсетіні анық.

В.В. Радловтың: «Халық шығармалары – халық рухының көрінісі мен жетістігі, сондықтан да ол өте кең таралған және халық арасында үлкен құрметке ие ал кітаби өлең – халық арасына там-тұмдап болса да берік ірге тебе бастаған исламның өкілі, ислам ілімін таратуды мақсат тұтқан және бірте-бірте халық рухын ығыстырып келе жатқан діннің ұрығы. Шындығында да ол баяу әсер ететін у тәрізді бірден-бірге күшейіп келеді» (Радлов, 1993: 18) – деген ойлары жоғарыда ойымызға дәлел болары сөзсіз.

Міне, сондай шығармалардың бірі «Муғин әл-мурид» («Мүридке көмекші») шығармасы. Ислам дінінің 5 тірегі саналатын иман келтіру, намаз оқу, зекет беру, Рамазан оразасын ұстау, қажылыққа бару секілді негізгі шарттармен қатар, қоғамның әр мүшесі үшін маңызды болып саналатын сауда-саттық, аң аулау сынды шарғи мәселелермен қатар толық адам болу жайындағы ілімдердің әдептерін жеткізуді мақсат еткен бұл шығарма түркі халықтары тарихында ерекше маңызды.

Материалдар мен әдістер

Кез келген халықтың ұлттық дүниетанымының қалыптасуында әдебиет маңызды орынды иеленетінін ескерсек, қазақ әдебиеті тарихында ортағасырлық әдеби жәдігерлердің поэтикасы мен қазақтың ұлттық дүниетанымына жасаған әсерін зерттеу мәселесі өзекті екені көрінеді. Осы тұрғыдан келгенде, зерттеу объектісі ретінде алынып отырған материалдардың әдеби құндылығын түрлі әдістермен айқындап беру алдымыздағы негізгі мақсат болып отыр. Зерттеуге алынып отырған негізгі материал Алтын Орда кезеңінде хижра жыл санауы бойынша 713-жылы (шамамен 1313 жылдары) жазылған «Муғин әл-мурид» шығармасы. Бұл шығарманың кейінгі кезеңдерде, атап айтқанда XX ғасыр басындағы қазақ жазба әдебиетіндегі (Абай Құнанбайұлы, Шаһкәрім Құдайбердіұлы, Мәди Меркішұлы, Шәді Жәңгірұлы) көріністерін, шығармалар арасындағы рухани үндестік пен дәстүр жалғастығы мәселелеріне салыстырмалы талдау жүргізілді. Аталған деректерді қарастыруда зерттеу нысанына алынған тақырыптың өзектілігі мен дәйектердің шынайылығына басты назар аударылды. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының алға қойған мақсаттары мен мін-

деттеріне қол жеткізу үшін аталған материалдарды зерделеуде мәтіндік талдаулар мен жалпы сипаттамалық, тақырыптық, құрылымдық және тарихи-функционалдық, жанрлық-көркемдік талдау әдістер негізге алынды.

Әдебиеттерге шолу

Үш ғасырға жуық Еуразия кеңістігінде хандық құрып, кең даланы Қазақ еліне мұраға қалдырған бұл мемлекеттің Орта Азия мен әлем өркениетіне қосқан үлесі мен тарихи мұраларын, әдеби жәдігерлерін зерделеп, ғылыми айналымға салудың маңызы зор. Әсіресе, бұл дәуірде жазылған рухани жәдігерлердің қазақтың ұлттық болмысына жасаған ықпалын зерттеп, ғылыми ортаға насихаттаудың маңызы артып отыр.

Қазақ әдебиеті тарихының Алтын Орда кезеңіндегі әдеби мұралар Кеңестік кезеңде Б.Кенжебаев (2018), Х.Сүйіншәлиев (1967), Н.Келімбетов (2014), Ө.Күмісбаев (2009), А.Қыраубаева (2010), Р.Бердібай (2005) сынды отандық ғалымдарымыз тарапынан зерттеуге алынғанымен («Рабғұзи қиссалары», «Махаббат-нама», «Құсрау-Шырын»), бұл мұралар жалпы ортағасырлық әдеби мұралар немесе ежелгі әдебиет үлгілері ретінде ғана зерделенді.

Мысалы, ортағасырлық әдеби шығармалардың маңызын, поэтикасы мен жырлану ерекшелігін талдап қарайтын болсақ, «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітаптары бірнеше рет жарық көрсе де қазақ әдебиетінің ежелгі және ортағасырлық кезеңі жіті қарастырылмағаны (Қыдыр, 2018: 11). Мұның басты себептерін профессор Р. Бердібай былай түсіндірген болатын: «Өткендегі әдеби мұраны игеру – ғылыми ізденістердің күн тәртібінен түспейтін күрделі мәселе. Бұл бағытта атқарылған істер қомақты көрінгенімен, әлі де алмаған асулар, көтерілмеген тыңдар аз емес. Жүздеген, мыңдаған жылдарда дүниеге келген мұраны тексеріп, тауыстық деу тым ұшқарылық болар еді. Кеңес өкіметі кезінде «мұраны зерттейік» деген шақыру қанша көп айтылғанымен көне заманнан келіп жеткен әдеби қазынаны таптық тұрғыдан ғана қарап бағалау бір қырсық болса, қазақ мәдениетінің ислам әлемімен байланысын көрсетуге мүлде дерлік жол жабық болды» (2005: 244).

Әйтсе де, тәуелсіздік жылдарында Алтын Орданың Қазақ мемлекеттілігін құрудағы рөлі тарихи тұрғыдан негізделгеннен соң бұл бағыттағы жұмыстар жандана түскенін көреміз. Ел Президенті Қ. Кемелұлының «Алтын Орданың

750 жылдығын» кең көлемде аталып өту туралы тарихи құжатқа қол қоюы – отандық ғалымдардың бұл кезеңдегі тарихи мұралармен қатар әдеби жәдігерлерді де зерттеуіне жол ашып берді.

Алтын Орда кезеңі әдеби жәдігерлері ішінде ислами әдебиеттің дамуына өзіндік үлес қосқан, кейінгі кезеңдерде діни-ағартушылық шығармалардың жазылуына себеп болған әдеби жәдігердің бірі – «Муғин әл-мурид» шығармасы. Зерттеу объектісі ретінде алынып отырған бұл шығарманың поэтикасы мен жазылу тарихы және жанрлық ерекшеліктеріне қатысты зерттеулер шамамен ХІХ ғасырлардан басталған. Әдеби жәдігердің ғылымда танылған жалғыз нұсқасы Түркия Республикасының Бурса қаласындағы көне қолжазбалар кітапханасында және «Түрік Тіл Қоғамы» (Türk Dil kurumu) кітапханасында сақталған. Түркі халықтарына ортақ бұл әдеби шығарманы ғылым әлеміне танытқан алғашқы ғалым – Заки Уәлиди Тоған еді. Ғалым «Хорезмде жазылған көне түркі шығармалары» (ТМ ІІ 1926: 315-330) атты мақаласында шығарманың жазылу тарихына қатысты құнды деректер ұсынған. Содан бастап әр жылдары Ф. Көпрүлү, А. Бодроглети, Ж. Екман, Н. Халимов, А. Караманоглы, Р. Топарлы, Ч. Гөкленов, М. Аргуншах секілді ғалымдар жан-жақты зерттеген. Р. Топарлының деректеріне сүйенсек, шығарма хашиесінде «Sevahîrü'l-Esrag» атты шығармадан төрттаған үзінділері берілген (1995: 12). Алайда, автор туралы ешқандай мәлімет кездеспейді. Ал, отандық әдебиеттану ғылымында бұл шығарманы ғылыми айналымға салу жұмыстары кешеуілдеп келеді. Бұл әдеби жәдігердің қазақ әдебиеті тарихындағы орны мен кейінгі әдеби мұралар арасындағы тарихи сабақтастығы мәселелері арнайы түрде зерттеу нысанына алынбаған болатын.

ХІV ғасырда Хорезм өлкесінде жазылған бұл шығармаға қатысты түркітанушы ғалымдар өз ой-тұжырымдарын жасағанымен, авторына келгенде қарама-қайшылықтар туындайды. Кейбір ғалымдар шығармадағы «Ислам» деген есімге негізделіп, шығарма Ислам есімді азамат тарапынан жазылған деген қорытынды жасаса, келесі ғалымдар Әбілғазы Баһадүрханың «Шәжәрә-и Тәрәкимә» атты туындысында келетін деректерге сүйенген.

Бірінші топ ғалымдар шығармадағы 1608-жолда жазылған деректі негізге алады:

Бу қач сөз айытқан аты – Ислам ол (Қыдыр, 2011: 93).

Мағынасы: *Бірнеше сөз айтқан аты – Ислам ол.*

Біздіңше «Бірнеше сөз айтқанның аты – Ислам ол» дей отырып, жазған адамның аты-жөні Ислам екені ашып айтылған. Алайда бұл оның шын аты ма, әлде бүркеншік лақабы ма немесе тахаллусі ме – ол жағы белгісіз. Сондай-ақ, оның қай жылдары өмір сүргендігі, оның басқа қандай еңбектері бар екендігі де беймәлім.

Ал енді Әбілғазының «Шәжәрә-и тәрәкимә-сындағы» мәліметке құлақ түріп көрейік: «Хызыр мен Салар елінен Әбул Ханда Арсары бай деген бар еді. Ұзақ өмір бойы тапқан дәулеті мен мұсылманшылыққа қызмет еткен адам еді. Бұл сөзіміздің айғағы – ол заманда Үргеніште бір әзіз адам бар еді. Шәрәф дейтін. Шайқылық дәрежесінде отырған әрі молда еді. Арсары бай барып, шайқының алдына қырық түйе ұсынып тұрып: «Біз түркі халқымыз, араб кітаптарын оқып, мағынасын ұғып, амал ету өте қиын. Егер араб мәселелерін түркіге тәржіма етіп, тарту етсеңіз сауапқа кенелер едіңіз», – деп өтініп еді, шайқы Қожа барлық дін мәселесін тәржіма етіп, бір кітап етіп, оны «Муғин әл-мурид» деп атап, Арсары байға берді» (Самойлович, 2005: 891).

Әбілғазы Баһадүрдің «Шәжәрә-е тәрәкимә» және «Шәжәрә-и түрк» атты шығармалары түркітану саласында орны ерекше. Шығармадағы деректерге сүйенсек, «Муғин әл-муридтің» авторы Шайқы Шәрәф Қожа деу керек. Алайда «Муғин әл-муридте» «Бірнеше сөз айтқанның аты – Ислам ол» деген жол да бар. Сондықтан да әдеби ескерткішті зерттеушілер осы екі автордың төңірегінде біраз ізденген. Алайда бір тұжырымға келе алмағандығын соңғы жылдары шығарманың екі автордың атымен басылып жүргенін айтсақ та жетіп жатыр. Мысалы, түрік ғалымы А.Караманоглы бұл әдеби жәдігердің авторын «Шайқы Шәрәф Қожа» деп көрсетсе (2006: 5), Р. Топарлы (1995: 5) «Ислам» деген атпен жариялаған.

Осында ескерер бір нәрсе бар. Шәжәрә-и тәрәкимәда аты аталатын Шайқы Шәрәф Қожаның «Муғин әл-муридта» да есімі айтылатынын айту керек. Шығарманың 1393-жолынан бастап төрт жолында:

Көнүл нәфс-у рухдын нәтижә ерур,

Ғалиб болса бірі анар йүз урур,

Білің бү бәйан Шәйх Шәрәф Хажәнің,

«Мәбәзи сулукдә» бітіглік турур

(Қыдыр, 2011: 82)

Қазақша мағынасы: *Көңіл нәпсі және рухтың нәтижесі болар, жеңіп шығар болса оған жүз ұрар, білің(дер), бұ(л) баян Шайқы Шараф қожаның, «Мәбәзи сулуғында» жазулы тұрар*, – дей отырып, «Мәбәзи сүлік» шығармасында рух және нәпсі жайлы анық жазылғандығы айтылған. Бұдан Шайқы Шәрәф «Муғин әл-муридтің» авторы емес, қайта жәдігерді жазушы оның «Мәбәзи сүлік» еңбегіне сілтеме жасап отырғанын көреміз. Онда Әбілғазының «Шәжәрә-и тәрақима» шығармасындағы деректің шындыққа қаншалықты жанасатындығына келер болсақ, оған жауап ретінде мынаны келтіруге болады. «Муғин әл-муридпен» бір сарында, бір тақырыпта жазылған «Раунәк әл-ислам» («Ислам шырағы» – авт.) деген тағы бір шығарма бар. Бұл жәдігерде де Исламның негізгі ұстындары мен шарифат шарттары өлең сөзбен өрнектелген. Бұл шығарма 1464 жылы жазылған. Н.П. Остроумов бұл кітапты 1907 жылы Ташкент типографиясынан шығарады. Осы кітап туралы өз пікірін білдірген А.Самойлович «Раунәк әл-исламның» авторы кім деген сұраққа жауап іздеген. Сонда Ашхабад уезінің Дурун өлкесінің бұрынғы мырзасы болған Хожелі молда мынандай мәлімет келтіргенін жазады: «Қадым заманда Хиуада Шайқы Шәрәф деген бір әули (әулие – авт.) болыпты. Хиуаның даласын мекендеген ақсақалдар құрметті Шәрәфтың алдына келіп, мұсылманшылықты дұрыс ұғып-түсінулері үшін түркі тілінде бір кітап жазып бер деп өтініш жасапты. Құрметті Шайқы Шәрәф құрастырып, жазып, «Раунәк әл-исламды» беріпті. Оның ақысы ретінде бай-малшылар Шәрәфқа отыз түйені ботасымен сыйлапты. Шайқы Шәрәф оның бәрін кембағалдарға үлестіріп беріпті» (Самойлович, 2006: 889).

Егер бұл деректерге сүйенсек, XIV ғасырдың басында жазылған «Муғин әл-мурид» пен XV ғасырдың соңғы жартысында дүниеге келген «Раунәк әл-исламның» авторы бір болып шығады. Алайда 1883-ші жылы Қазан университетінде басылған «Раунәк әл-исламда» «Ей, Уафай, білгеніңді көздеме, Білмейгініңді білемін деп сөйлеме» (Ислам, 1883: 42), деп шығарма авторының Уафай екені жазылған.

Аталғандарды ескере келе, «Муғин әл-мурид» тің авторы, «Бірнеше сөз айтқанның аты – Ислам ол» деген қорытындыға келеміз. Ал, шығарманың аты – «Муғин әл-мурид» екені жайлы мына өлең жолдарынан көре аламыз:

Бұ әбйатлар аты Му’инул мурид,
Ешіт, біл ’әмәл қыл бұ тәуфиқ мәзид (Қы-

дыр, 2011: 94).

Мағынасы: *Бұ(л) шығарманың аты «Муғин әл-мурид», тыңда, біл, амал ет, бұ(л) тауфиқ мәзид.*

«Муғин әл-мурид» қай жылы жазылды десек, бұл шығармада ашып айтылған:

Изи берді тауфиқ бұ бірқач кәлам,
Оруч айы ічрә бітілді тәмам,
Тарих йетті йүз он үч ерді йылы,
Сәламун ’әләйкум ’әләйкум сәлам
(Қыдыр, 2011: 94).

Мағынасы: *«Тәңірі берді тауфиқ бұ(л) бірнеше сөз, Рамазан айында жазылды түгел, жеті жүз он үшінші еді жыл, сәламун ’әлейкум, ’әлейкум сәлам».*

Екінші және үшінші жолдарда шығарма нижри жыл санауы бойынша 713-жылы рамазан айында жазылғаны айтылған. Бұл біздің жыл қайыруымыз бойынша 1313-жыл деген сөз. Сонымен қатар 1309-1310 жылдары жазылған «Қиссәс әл-әнбия» шығармасы да осы кезеңге тиесілі екенін ескеретін болсақ, Он төртінші ғасырдың алғашқы жартысы исламдық көркем шығармаларға деген сұраныстың жоғары болғанын көреміз.

Нәтижелер мен талқылау

«Муғин әл-мурид» – әуелі, Аллаға мадақпен, пайғамбарға салауатпен басталады. Кейін иман ұстындары сөз болып, уағыз-насихат айтылады. Содан соң, шарифаттағы мәселелер бабына кіріседі. Ақын оны «Бәбун фи мәсәл», яғни «Мәселелер туралы бап» деп атайды. Амалдың түрлері мен ондағы парыз, уәжіп, сүннеттерін «фәсл», яғни бөлімдер аясында қарастырады. Осында ақын, ең әуелі, намаздың он екі парызын жырға қосады:

Он екі парыз алын(дар) бұ(л) сабақ,
Біліп мұны мүмін керек тұрмақ сақ,
Намаздың сырты алты тағы алты іші,
Намаздың ішінде болар білмек Хақ.

Бірі(ншісі) әурет жаппақ, екіншісі жуынбақ,
Тән мен тон намаздың таза болмақ,
Тағы қыбла тұрмақ, бұ(л) уақыт сақтамақ,
Тағы ниет ықылас білә қылмақ.

Намаз ішінде тәкбір, екінші қиям,
Қырағат үшінші, рүкүғ төрт тамам,
Сужуд бес, тәшәһһуд білә алты біл,
Бұ(л) он екі бірлә амал қыл мұдам
(Қыдыр, 2011: 26).

Автор мұнда намаздың ішіндегі алты парызы (әурет жерлерін жабу, дене тазалығы, киімнің таза болуы, қыблаға қарау, намаз уақытының кіруі, ниет ету) мен сыртындағы алты парызын (тәкбір, қиям, қырағат, рукуғ, сужуд және тәшәһһуд) атайды. Себебі, автор ақидада Имам Ағзам мәзһабын негізге алғандықтан, бұл мәзһаб бойынша намаздың дұрыс болуы аталған он екі шартқа байланысты. Бұл мәселе шамамен 1 ғасырдан астам уақыттан соң жазылған «Раунақ әл-Исламның» «Намаздың парыздары баяны туралы» деген бөлімінде де кездеседі:

Бү(л) намаз он екі парыз деді/лер/
Алтауы іш, алтауы сырт деді/лер/
Әуелі – таза дәрет қылмақ ол,
Және таза жер жүзінде тұрмақ ол.

Таза тон кимек және уақыт сақтамақ,
Ниет етпек, қыбла жаққа жүз қоймақ.
Бірі – тәкбір әуелі, екінші – қиям,
Үшіншісі бү(л) қырағат тамам.

Төртіншісі – рукуғ, бесіншісі – сужуд,
Алтыншысы – білің, ақыр(ғ)ы қуғуд.
Әуелі-ақыр он екі болды тамам,
Алтауы іш, алтауы сырт уәс-сәлам
(Қыдыр, 2011: 248).

Осында ақын намаздың сыртындағы алты парыз (таза дәрет қылмақ, таза жер жүзінде тұрмақ, таза тон кимек, уақыт сақтамақ, ниет етпек, қыбла жаққа жүз қоймақ) бен ішіндегі алты парызды (тәкбір, қиям, қырағат, рукуғ, сужуд, ақырғы қуғуд) санамалай келіп, «алтауы іш, алтауы сырт, уәс-сәлам» деп аяқтаған. Ғасырлар бойы рухани үндестік пен дәстүрлер жалғастығы нәтижесінде қазақ даласында түрлі әдеби шығармаларда бұл мәселелер жалғасқанын көруге болады. Мысалы, ақын әрі ағартушы Ыбырай Алтынсариннің «Шараит әл-Исләм» (Мұсылманшылықтың түтқасы) еңбегінде егжей-тегжейлі түсіндірілген: «Намаз ішінде он екі парыз бар, алтауы – тысқары, алтауы – ішкері. Тысқары болған алтауы: әуелі, намаз оқуға кірісерден бұрын денесін тазалау, яғни ғұсыл керек, орнында ғұсыл етіп дәрет алу; екінші, киімін һәм намаз оқитын орнын нәжістен пәк ету, үшінші, ұят жерлерді ашық қоймай, жауып оқымақ, еркек болса, тізесі мен кіндігінің екі арасын, әйел болса беті мен екі қолы, екі аяғынан басқасының бәрін жабу керек. Осы ғаурат деп, яғни жасырылатын жер деп, аталған денелердің төрттен бірі

жабылмаса да намаз дұрыс болмайды. Төртінші, намазды уақытымен оқымақ. Бесінші, бетін қыблаға қойып оқымақ. Алтыншы, намазға ниет ету.

Ішкері болған алты парыздың бірі – такбир тахрима, яғни «Аллаһу акбар» деп намазға кірісу; екіншісі – қиям, яғни намаздың әрбір ракағатында бір рет аяқ үстіне тұру; үшіншісі – қираатун, яғни намаз ішінде Құран сүрелерін оқу; төртінші – рукуғ, яғни басын, денесін иіп, екі қолымен тізеге сүйену; бесінші – сажда, яғни басын жайнамаз үстіне жүзін төмен салмақ, алтыншы – ақырғы отыру, ат-тахият оқитын шамаға шейін. Бұл он екі парыздың бірі орнына келмесе де намаз дұрыс болмайды» (Алтынсарин, 1991: 26-27).

Абай Құнанбайұлы да «Китәбун тәсдиқ» – «Иман кітабы» туындысында намаздың маңызды құлшылықтардың бірі екенін ескертіп, ойын былай таратады: «Намаздан әууәл құлақ қақтыңыз, кәрчі Аллаһ Тә`аләһни йоқарыда деп, мәкән исбат етпесең де, бегірек созу әдепсіз болыб, гунаһ дәрийасына ғәрқ болдым, яғни дунийа һәуәсіне ғәрқ қылмай қолымнан тарт, яғни құтыларлық йардәм берің ишарәті. Онан соң қийамда тұрып қол бағламақ – құл қожа алдында тұрмақ – бұқара патша алдында тұрғаннан артық. Аллаһ Тә`аләһнің қадирлігіне өзінің `ажизлығына иқрарының беріклігін көрсеткен ишарәті. Қибләға қарамақ, кәрчі Худай Тә`аләһға һечбір орын мумкин емәс болса да, зийарәтін фәрз еткән орынға йүзін қаратыб, шундағы ду`адай қабуллыққа йақын болар ма екән дегән ишарәті. Онан соң қира`әт, яғни «сурәтун-фәтихә» оқисың, мұнда бірақ сөз ұзарады. Ол «Фәтихә» сурәсінің мә`ниларында көп сирр бар. Руку` – баш ұрмақ алдында Худа хазирге ұқшаш, ол да ишарәт. Сәждәләр – әууәл йерден йаралғанына иқрары, екіншісі – йәнә йерге қайтмағына иқрары, баш көтәрмәгі йәнә тіріліб, сұрау бермегіне иқрарының ишарәті. Қә`дә ул-ахир – ду`аның ахирында Аллаһға тәхийәт, ондан тәшәһһуд, ондан сәлауәт пәйғәмбәріміз саллаллаһу `әләйһи уә сәлләмге айтмақ үчүн ең ахиры сәләм менен тауысасыз, йә`ни Аллаһ Тә`аләһдан не тілеп ду`а қылдыңыз. Ол ду`а хәзинәсі кулли мусәлманларны ортақластырып, оларға да сәләмәтчилік тіләб һәм рәхмәт тіләб бітірәсіз» (Құнанбайұлы, 2020: 278-279).

Абай осында құлақ қағу (тәкбір), қиям, қырағат, рукуғ, сәжде, қаьда ул-ахирды жай ғана санамалап өтпестен, осы парыздардың орындалу себебін түсіндіруге тырысқан. Яғни, намазда

тұрған жанның әрбір қимылдың мәнісін, оны не үшін жасап отырғанын түсінсін деген ойдан туындаған. Жошы ұлысында өмір сүрген Ислам ақын намаздың парыздарын өлең сөзбен бергендіктен де, артық сөзге бармастан, оларды, тек қана, санамалап өткен. Абай осы амалдарды орындаудың астарында қандай хикмет жатқанына тоқталса, Ыбырай Алтынсарин осы парыздарды қалай жасау керектігіне назар аударған.

Жалпы, діни-танымдық туындыларда намаз мәселесіне ерекше көңіл бөлінген. Шарифатты жыр жолдарымен жеткізген ақындардың кейбірі намазда орындалатын қимылдарды барынша таратып жазуға тырысқан. Мысалы, ақын Шәді Жәңгірұлының «Назым фикһ кәйдани» атты шығармасы да ортағасырда өмір сүрген танымал ғалым Имам Лутфуллаһ Насафидің «Фикһ-кайдани» атты діни-дидактикалық сарынмен жазылған еңбегінің поэзиялық үлгіде насихатталған нұсқасы деп айтуға болады. Ақын намаздың парыздары мен уәжіптерін, сүннеттері мен мұстахабтары, мүбәхтары мен мәкрүһтерін өлеңмен бере отырып, намаз ішіндегі парыздарға тоқтала кетеді. Сондай-ақ, қиямның мәселесін былай деп түсіндіреді:

Әуелгісі намазда
Тік тұрмақ ерур қиямға.

Үзірсіз әркім отырып,
Ойласа намаз қыларға
Ол намаз дұрыс болмайды
Көңілде болма күмөнда.

Отырса дағы зиян жоқ,
Нәпіл мен сүннет қыларда.
Сөйтсе һәм кем қып сауаптан,
Жартысын бергей бұларға.

Қиямның парызын зікір етті,
Бір рүкін миқдар тұрарға.
Қыраат үшін тұрмақтық,
Уәжіптен ерүр біл онда.

Не үшін десең бір кісі,
Рукуғда жетсе имамға
Тәхримә айтып жығылып,
Жәйіз-дүр намаз қылғанда
(Жәңгірұлы, 2014: 44).

Шәді Жәңгірұлы бұл шығармасы арқылы қасиетті Ислам дініндегі құқықтық мәселелерді өлең жолымен оқушыға тереңінен жеткізіп на-

сихаттайды. Шығарманың қай жылдары баспа бетін көргені белгісіз. Дегенмен Шәді ақын «Қамар-Заман» атты қиссасының соңында өзінің баспа бетін көрген және баспаға дайындалып жатқан еңбектерінің тізімін бере отырып «Фикһ Кайдани» шығармасын баспадан шыққан кітаптар қатарына қойған.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуында маңызды рөл атқарған Алтын Орда кезеңіндегі құндылықтардың бірі бұл – Ислам діні және оның қоғамдағы орны болды. Ел арасында шарифат үкімдерінің кең насихатталуы нәтижесінде қоғамда араб тілін жетік меңгерген, Құран көрім және Пайғамбар хадистерін бұқара халыққа түркі тілінде түсіндіріп беретін ғалымдарға сұраныс көбейді. Ислам тарихы мен пайғамбарлар тарихына, сондай-ақ исламның негізгі қағидаларын мен фикһ, ақиданы ел арасында насихаттауды мақсат еткен шығармалар жазыла бастады. Бүгінгі таңда ғалымдар тарапынан зерттеуге алынып отырған «Қисас ул әнбия», «Нахж әл-фәрадис», «Жұм-Жұма», «Муғин әл-мурид» сынды әдеби жәдігерлер Ислам дінін насихаттау мақсатында дүниеге келген болатын. Осы жазба мұралар арасында Исламның «Муғин әл-мурид» еңбегі Ислам ғылымхалын немесе шарифат шарттарын оғыз, қыпшақ тілді тайпалар арасында насихатталуына үлкен септігін тигізді. Сонымен қатар, елдің тарихи білімдерінің кеңеюіне, қоғамда шарифат шарттары мен көркем ахлақ ережелерін жүйеге келтіруді мақсат еткен бұл еңбек өз дәуірінде ғана емес, келер ұрпақтың да тәрбиесінде маңызды болды десек қателеспейміз. Әсіресе, біз салыстыра зерттеп отырған Абай Құнанбайұлы, Шәді Жәңгірұлы шығармалары арасындағы үйлесім немесе көтерілген тақырыптардың қайта жаңғыруы, ғасырлар бойы халықтың жадында сақталып, ұлттық құндылыққа айналуына негіз болған. Мысалы, «Бәбун фи мәсәл», яғни «Мәселелер туралы бап» деп аталатын тарауда түркі мұсылман халықтарының әдебиетінде кеңінен тараған Ислам дінінің негізгі шарифаттық мәселелерін талқылауда ақындардың намазға қатысты ұстанымдары мен шарифат шарттарын бірдей жырлауы тыңдаушының да ұстанымының тиянақты болуына себеп болады. Ақындар осы арқылы өзіне дейінгі дәстүрді жалғастыра отырып, бұл тақырыптың ары қарай дәстүрлі түрде жалғасуына

жол салды деуге болады. Өйткені, зерттеу ба-рысында көз жеткізгеніміз, қазақ даласында «Иман», «Намаз құлшылығы», «Рамазан оразасын ұстау», «Зекет беру», «Қажылыққа бару» сынды Исламның негізгі ұстындарын поэзиямен өрнектеген ақындар шығармашылығы әдебиет тарихындағы маңызды мәселенің бірі екендігі көрініп отыр. XX ғасыр басында қазақ жазба әдебиетінде дәстүр жалғастығының бір белгісі ретінде көрініс берген бұл жазба жәдігерлерді бүгінге дейін зерттеле қоймаған ақындар шығармаларымен салыстыра зерттеу, рухани байланыстарын ашып көрсету болашақ-

та терең зерттеулерге жол ашады деп ойлаймыз және Муғин әл-мурид шығармасының кейінгі кезең әдеби жәдігерлерімен рухани үндестігін зерттеу жұмыстары да алдағы уақытта жалғасын табады деп үміттенеміз.

Мақала Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылған АР14972895 «Алтын Орда және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: рухани үндестік және дәстүр жалғастығы» жобасы аясында жинақталған материалдар негізінде баспаға ұсынылды.

Әдебиеттер

- Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Т. 2. – Алматы: Жазушы, 2020. – 528 б.
- Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 79 б.
- Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. Т.1 – 448 б.
- Жәңгірұлы Ш. Шығармалары. – Алматы: Нұрлы әлем, 2014. Т.226. – 297 б.
- Ислам. Мүридке көмекші (XIV ғ.). Кесікбаш кітабы (XIV ғ.) Қазыналы Оңтүстік көптомдығы. – Алматы: Нұрлы Әлем баспасы, 2011. Т. 39. – 312 б.
- Келімбетов Н. Көптомдық шығармалар жинағы. Құрас: Ш.Нематова, А.Нематов. Т. 4. – Алматы: Раритет, 2014. – 448 б.
- Кенжебайұлы Б. Шығармалар жинағы. Түрік қағанатынан бүгінгі күнге дейін. Т.1. – Алматы: Ел-шежіре, 2018. – 352 б.
- Китәбун мустәтаб рәунәқул исләм. – Қазан: Университет баспаханасы. 1883. – 48 б.
- Күмісбаев Ө. Терең тамырлар: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 452 б.
- Қыдыр Т. Алтын Орда дәуіріндегі діни-дидактикалық шығармалар. Әдеби жәдігерлер сериясы. Алматы: Таймас баспа үйі, 2011. Т.15. – 480 б.
- Қыдыр Т. Дешті қыпшақ даласындағы ислами әдебиет (X-XV). Астана: Рухани құндылықтарды қолдау қоры, 2018. – 200 б.
- Қыраубаева А. Шығыстық кисса-дастандар. 5 томдық шығармалар жинағы. Баспаға дай. С.Дәрібайұлы. – Алматы: Өнер, 2010. Т. 3. – 344 б.
- Радлов В.В. Алтын сандық. Құрастыр.: Қасқабасов С., Ісләмжанұлы К. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 256 б.
- Самойлович А. Тюркские языкознание. Филология. Руника. – Москва: Вост.лит., 2005. – 1053 с.
- Toparlı R. Harezmi Türkçesi. – Sivas: Seyran Yayınevi, 1995.
- Şeyh Ş.H. Mu'inü'l-mürîd. – İstanbul: Beşir kitabevi, 2006. – 190 s.

References

- Abai (2020). Shygarmalarynyn akademiyaq tolyq jinagy [Complete academic collection of his works]. Vol.2. Almaty. Jazushy. (In Kazakh)
- Altynsarin, Y. (1991). Musylmanshylyktyн tutqasy [The handle of Islam]. Almaty. Kazakstan. (In Kazakh)
- Berdibay, R. (2005). Bes tomdyq shigarmalar jinagi [Collection of works in five volumes]. Vol.1. Almaty. Kazygurt. (In Kazakh)
- Jangiruly, Sh. (2014). Şyğarmalary [Works]. Vol. 226. Almaty. Nürly älem. (In Kazakh)
- İslam (2011). Muridke komekşı (XIV ğ.). Kesikbaş kitabı (XIV ğ.). Kazynaly Ontustık koptomdygy [Assistant to Murid (XIV century). The book of kesikbash (XIV century) is a treasure trove of the South]. Vol. 39. Almaty. Nurly Alem baspasy. (In Kazakh)
- Kelimbetov, N. (2014). Koptomdyk shygarmalar zhinagy [Multivolume collection of works]. Vol. 4. Almaty. Raritet. (In Kazakh)
- Kenjebayuli, B. (2018). Shygarmalar jinagi. Turik qaganatynan bugingi kunge deini [A collection of works. From the Turkish Khaganate to the present day]. Vol.1. Almaty. El-shejire. (In Kazakh)
- Kitäbun mustätäb räunäqul isläm (1883) [Kitabun mustatab raunakul islam]. Qazan. Universitet baspahanasy (In Tatar)
- Kumisbayev, O. (2009). Teren tamyrlar [Deep roots]: educational tool. Almaty. Kazakh University. (In Kazakh)
- Qydyr, T. (2011). Altyn Orda дәуіріндегі діни-дидактикалық шығармалар. Адеби жәдігерлер сериясы [Religious and didactic works of the Golden Horde era]. Vol.15. Almaty. Taimas baspa үйі. (In Kazakh)
- Qydyr, T. (2018). Deshti qypshaq dalasyndagi islami adebiet [Islamic literature in Deshti Kypchak field] (X-XV). Astana. Foundation for support of spiritual values. (In Kazakh)

Qyraubayeva, A. (2010). Shygystyq qissa-dastandar [Oriental stories]. Collection of works in 5 volumes. Vol. 3. Almaty. Oner. (In Kazakh)

Radlov, V.V. (1993). Altyn sandyq [Golden chest]. Almaty. Ana tili. (In Kazakh)

Samoilovich A. (2005). Türkskie yazykoznanie [Turkic linguistics]. Filologiya. Runika. Moskva. Vost.I it. (In Russian)

Toparlı, R. (1995). Harezmi Türkçesi [Harezmi Turkish]. Sivas. Seyran Yayınevi. (In Turkish)

Şeyh, Ş.H. (2006). Mu'inü'l-mürid. [Mu'in ul-murid]. İstanbul. Beşir kitabevi. (In Turkish)

Авторлар туралы мәлімет:

Қыдыр Төрәлі Еділбайұлы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты (Алматы қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: qydyr.torali@gmail.com);

Ыбырайым Әзімхан Оразбайұлы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (Шымкент қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: Azimkhan23@mail.ru);

Таджиев Хамидулла Хабидуллаұлы – PhD, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (Шымкент қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: xamidulla_86@mail.ru).

Information about authors:

Kydyr Torali Edilbaevich – candidate of philology, associate professor, M.O. Auezova Institute of Literature and Art (Almaty, Kazakhstan, e-mail: qydyr.torali@gmail.com);

Ybyrayim Azimkhan Orazbayuly – candidate of philology, associate professor, South Kazakhstan University named after M. Auezov (Shymkent, Kazakhstan, xamidulla_86@mail.ru);

Tadzhiyev Khamidulla Khabibullaevich – PhD, senior teacher of the department of Kazakh language and literature, South Kazakhstan University named after M. Auezov (Shymkent, Kazakhstan, e-mail: xamidulla_86@mail.ru).

Келіп түсті: 26 мамыр 2024 жыл.

Қабылданды: 27 қараша 2024 жыл.